

«Хромтау аудандық білім бөлімі» ММ
МКҚК «№ 9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасы»

«Келісілді»

Педагогикалық кеңес

№ 1

« 31 » 08 2023 жыл

«Бекітілді»

МКҚК № 9 «Жұлдыз-Ай»

бөбекжай-балабақшасының басшысының м.а:


Б.С.Кияшева

Бағдарлама «Ертегілер елінде»

Хромтау қаласы, 2023 жыл

Құрастырған: А.Умирзакова, МКҚК № 9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-
балабақшасының тәрбиешісі

МКҚК № 9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасының педагогикалық кеңесі
отырысында талқыланды

Хаттама № 1

Менгеруші

(қолы)



« 31 » 08 2023 жыл

Б.С.Кияшева
(тегі, аты, әкесінің аты)

*«Бала кезде үш жастан он екі жасқа дейінгі
аралықта әр адам өзінің рухани дамуына
қажетті нәрсенің бәрін де ертегіден алады»*

Ы.Алтынсарин

Түсінік хат

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту – баланың жас шамасын және өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, оның жеке адам ретінде қалыптасуы мен дамуына жағдай жасайтын Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесінің бірінші деңгейі.

Мектепке дейінгі 3- 4 жасар балаларға ертегіні сахналату ең қолайлы кезең болып табылады. Баланың жан – жақты дамуы осы кезеңдерде жүзеге асады, 3-4 жасқа дейінгі балалар белсенді дамып, барлық психикалық процестері: қабылдау, назар аудару, есте сақтау, қиял және ойлау қабылеттері осы кезеңде қалыптасады. Мектеп жасына дейінгі балаларға ең тиімді тәсілдің бірі болып баланың ресурстарын дамыту және білім беру болып табылады. Ертегілерді сахналату арқылы баланың бойындағы эмоциясын дамытуға болады. Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған ертегілер арқашан адамгершілікке бағытталған.

Бүгінгі таңда балалардың негізгі қабілеттерін қалыптастырып және дамыту мақсатында бүлдіршіндердің, тұлға болып дамуына ерекше көңіл аударылуда. Сол себептіде ҰІӨ – нен тыс «Ертегілер елінде» бағдарламасын енгіздік. Бұл бағдарламада ойната отырып, балаларды жан- жақты дамытуға мүмкіндік болады. ҰІӨ- де балалар ертегілерді тыңдап, рөлге бөліп, қойылым қойғанымен басқа да оқу іс-әрекетіне назарлары ауып, зейіндері бөлініп кетеді. Сондықтанда балалардың ойында «Шалқан», «Бауырсақ», «Шұбар тауық» секілді оңай ертегілер ғана сақталып қалады.

Мен мектеп жасына дейінгі балаларға арнап ертегілердің көбін дерлік жан- жануарлар туралы алдым, қала балалары жан- жануарлардың өмірімен жақсы таныс болмағандықтан оған көп қызықпайды. Сол себепті ертегі арқылы балалардың қызығушылығын арттыруды көздедім.

Мектеп жасына дейінгі балаларға ертегіні ойын түрінде алдым. Сонда ғана бала ертегіні еркін меңгеріп, оқиғаны өздерінің қиялына қарай түсіне алады. Бұл баланың шығармашылық қабілетін арттыруға көп көмектеседі. Баланың тілін дамытуға шағын және түсінікті ертегілер таңдалынып алынды. Ертегілерді оқу арқылы жеткіземіз, оны әрі қарай тереңірек таныстыру үшін шағын сахыналау жасаймыз. Яғни рөлдерге бөліп, ойын арқылы түсіндіреміз. Әр балаға бір- бірден кейіпкер беріп, қысқа ертегілерді сахыналату арқылы тұлкінің қу болатынын, қоянның қорқақ екенін, қасқырдың ашулы да азулы аң екенін балаларға түсіндіре отырып, қимыл- қозғалысын арттырамыз.Ертегі бала өміріндегі көнеден келе жатқан тәрбие көмекшісі болып табылады сонымен қатар баланың жеке тұлға болуына зор ықпалын тигізеді.

Бұл жобаның өзектілігі баланың шығармашылығы мен тілін дамыту болып табылады. Сахналату барысында баланың ақыл- ойын жетілдіріп, сөздік қорын молайтады.

Ертегі – бала өміріне өте жақын, балалар ересек адамдардың логикасын бірден түсіне алмайды. Ал ертегіде бәрі басқаша, бала сыйқырлы әлемде мынау жаман, мынау жақсы, мынау кейіпкер деп бөле алады және арқашан жақсылық жеңіске жететінін

біледі. Болашақта өздерін сол кейіпкерлердің орнына қойып, жақсы іс жасайтынын айтып қалады.

Қорыта айтатын болсақ, ертегілер – мектеп жасына дейінгі балалардың ақыл-ойын, адамгершілік қасиеттерін, сана-сезімін қалыптастырушы құрал болып табылады. К.Д.Ушинскийдің сөзімен айтқанда, ертегі баланы халық қазынасына ендіреді, халық рухымен араластырады. Ауыз әдебиетінің қай үлгісін алсақ та, онда болашақ ұрпақ үшін үлкен тәрбиелік мәні бар рухани қазына жатыр. Сондықтан да біз сол бай мұраны пайдалана отырып, мектеп жасына дейінгі балалардың бойына әдемілік пен әсемдік қасиеттерін дарыта білуіміз қажет. Мейірім мен махаббатты, сұлулық пен әсемдікті адам бойына ұялататын осы ертегілер екенін ешқашан естен шығармауымыз керек. Осы мақсатты көздей отырып, ортаңғы топтың балаларына арналған «Ертегілер елінде» бағдарламасы құрылды.

Мақсаты:Балалардың қызығушылығын халық ертегілеріне арттыру және танымдық қабілеті мен сөздік қорын дамыту.

Міндеттері:

1. Ертегілерді өз бетінше сахналауға дағдыландыру.
- 2.Есте сақтау қабілеттерін дамыту;
3. Шығармашылық қабілетін қалыптастыру.
- 4.Тыңдау қабілеттерін дамыту.
- 5.Сөздік қорын молайту;
- 6.Үлкендермен, құрбы-құрдастарымен жағымды қарым-қатынас орнату.;

Қолданылатын әдіс-тәсілдер:

- атрибуттар арқылы ертегі сахналату;
- Қимыл-қозғалыс ойындары;
- ертегі кейіпкерлерімен сергіту сәтін жасау;
- жеке балалар арасындағы қарым - қатынасты басқару әдістері.
Рөлге бөліну (бір-бірін тыңдап, асықпай сөйлеу)

Күтілетін нәтижелер:

- *Балалар үйренуге тиісті заттар:*
- -Жақсы- жаман кейіпкерлерді ажыратып, мінез – құлықтарын айту;
- -Өз бетінше ертегіні айтып беру;
- - Қиын емес ертегілер қойылымын қимыл- қозғалыс арқылы жеткізе білу;
- -Ұжыммен қарым-қатынасқа түсе алу;

- *Ата-аналар:*

- - балаларымен бірлесіп «Менің сүйікті кейіпкерім» атты тақырыпта ертегі кейіпкерлерін салу ;
- -қолдан ертегі кітаптарын жасау.

- *Тәрбиеші:*

- - ата- анаға баланың жас ерекшеліктеріне келетін ертегілерді оқуға кеңес беру;

Күнтізбелік тақырыптық жоспар

№	Тақырыбы	Мақсаты	Сағат саны
1	«Алтын балта»	Балаларға ертегіні оқып беріп, мазмұнын түсіндіру. Сұрақ-жауап арқылы балалардың сөздік қорын молайту. Ертегідегі бай- кедейдің рөлін бөліп сахналату.	1
2	«Қу түлкі»	Балаларды өз бетімен ынталандыратын, ықыласын арттыратын ертегілерді, қарапайым тілмен түсіндіріп, олардың білім алуға деген қызығушылығын арта түсіру.	1
3	«Күлте қыз»	Ертегілерді сахналату арқылы, балалардың танымдық қызығушылығын ояту, сөздік қорын молайту. Білім деңгейін көтеру.	1
4	«Екі дос пен аю»	Балалардың дүние танымын, ой-өрісін, сана- сезімін ертегілер арқылы дамыту. Дос сөзінің мағынасын аша білуге үйрету. Балаларды достық қарым-қатынас жасауға шақыру.	1
5	«Екі лақ»	Ертегілердегі кейіпкерлердің рөлдерін сахналату арқылы, балалардың рөлді сомдау шеберлігін дамыту. Сөйлеу қабілетін жетілдіру.	1
6	«Қорқақ қоян»	Сахналық қойылым арқылы балаларға қуаныш, ұмытылмас әсер сыйлау. Қиялын дамыту, кейіпкер бейнесін сомдауды, сөйлеу мәнерін, қол қимылдарын нақты қалыптастыруды үйрету.	1
7	«Арыстан мен түлкі»	Баланың бойында кейіпкер бейнесін сомдату арқылы сахнада жүру, тұру, сөйлеу, өзін-өзі білу, мәдениеттілікке үйрету. Жаман әдеттерді қайталамауға тәрбиелеу.	1
8	«Гүл»	Балалардың ой-өрісін кеңейту, әңгімеге араласуына, ертегі қойылымдары туралы өз ойларын ашық айта білуге дағдыландыру.	1
9	«Түлкі мен құмыра»	Балалардың танымдық қабілетін дамыту және қиялдау мүмкіндігіне жол ашу.	1
10	«Алдар көсе мен бай»	Ертегілер арқылы баланың сөйлеу қабілетін дамыту, диалог түрінде сөйлеуге, өзі алған әсерін монолог түрінде да жеткізуге үйрету.	1
11	«Түйме қыз»	Ертегіні сахналату арқылы баланың шығармашылық қабілетін оятып, танымдық қасиеттерін, зейінін, есте сақтау	1

		қабілетін, ауыз екі сөйлеу мәдениетін дамыту.	
12	«Қызыл телпек»	Театрлық іс-әрекетте ертегілерді пайдалана отырып, баланың ой-өрісін дамыту. Сонымен бірге тыңдай білуге, түсінуге, рөлге бөліп қазақша әдемі сөйлей білуге үйрету.	1
13	«Түлкі, тасбақа және кене»	Балаларға қойылымды сахналату арқылы қызығушылығын ояту. Өзара сөйлесу дағдыларын дамыта отырып, бүлдіршіндердің сөздік қорын молайту.	1
14	«Жыл басы»	Жақсы және жағымды кейіпкерлерді сомдату арқылы, балаларды жан-жақты дамытып, жек-тұлға болып қалыптасуына ықпал ету.	1
15	«Сауысқан мен көкек»	Балалардың тілін, сөйлеу мәдениеті мен дүниетанымын дамыту. Балаларды адамгершілікке баулу.	1
16	«Еріншек»	Балалардың қиялын есте сақтау қабілетін дамыту, ойдан әңгіме, ертегі шығарып айтуға дағдыландыру.	1
17	«Мысық, әтеш және түлкі»	Баланы сахнада кейіпкер ретінде ойната отырып, оның жек-тұлғасын жан-жақты дамыту. Оның бойында әдебиетке, мәдениетке, өнерге деген құштарлығын ояту.	1
18	«Торғай мен тышқан»	Бүлдіршіндерді байланыстырып сөйлеуге, үлкендермен және өзге де балалармен тіл табыса білуге үйрету.	1
19	«Қияр мен қырыққабат»	Ертегілер арқылы баланың сөздік қорын молайтып, әр сөздің мағынасын дұрыс түсініп, қолдана білуге үйрету.	1
20	«Мысық неге тамақ ішкен соң жуынады?»	Ертегінің мазмұнын түсіндіріп, сұрақ-жауап арқылы ойларын жеткізе білуге дағдыландыру. Жақсылық жасай білуге тәрбиелеу.	1
21	«Үш аю»	Балалардың оқылған ертегіні тыңдауға және ұғынуға, әңгімеге араласып, сұйрауға және сұраққа жауап беруге қалыптастыру.	1
22	«Күшік пен мысық»	Балаларға ертегіні сахналату арқылы бірін-бірі ренжітпеуге, достыққа берік болуға дағдыландыру.	1
23	«Көкөністер туралы ертегі»	Ертегіні оқып беріп, балалардан мазмұнын сұрау арқылы сөздік қорын молайту.	1
24	«Екі сараң қонжық»	Балаларға ертегіні мұхият тыңдата отырып, мазмұнын түсіндіру, ертегідегі жағымсыз және жағымды кейіпкерлерді ажырата білуге	1

		үйрету.қызығушылықтарын арттыру.	
25	«Ақылды лақ»	Ертегілер арқылы баланы жақсылыққа, батылдыққа, мейірімді болуға үйрету.	1
26	«Мақтаншақ қоян»	Балаларды ертегі мазмұнын айтып бере білуге үйрету, өз ойларымен бөлісе білуге талпындыру.	1
27	«Айлакер түлкі»	Ертегі кейіпкерлерінің қимылын, дыбысын салдырып, кейіпкерлер бейнесін сомдау қабілеттерін дамыту.	2
28	«Күн, Ай және қораз»	Ертегіні сахнада ойнай білу іскерліктерін дамыту. Сөйлеу мәнері мен қарқынына аса мән бере отырып, кейіпкерлер бейнесін көркем сомдауға, олардың ішкі жан-дүниесін жеткізе суреттеуге ұмтылыстарын арттыруды дамыту.	1
29	«Көлбақа мен құрбақа»	Сөйлеу мәнерін қалыптастыру. Сахналау қойылымына атсалысуға ықылас білдіруді, сөлеу мәнерінің көркемдік әдіс-тәсілдерін қолдануды дамыту.	1
30	«Екі әтеш»	Ертегіні сахналауға атсалысуға ұмтылдыру, ондағы кейіпкерлер бейнесін еркін түрде көркем шеберлікпен сомдай білу білігін дағдыландыру.	1
31	«Түлкі мен қасқыр»	Әр балаға бір-бірден кейіпкер беріп, өздерін ойнату арқылы түлкінің қу болатынын қасқырдың ашулы екенін ұғындыру.	2
32	«Алдар көсе мен ұры»	Балаларға ертегіні сахналату арқылы тілін ұшқыр, ойын зерек, қиялын шарықтатып, тіл байлығын молайту.	1
33	«Құлын, қозы, лақ»	Ертегіні тыңдай білуге және қайталап дауысын айнытпай салуға үйрету. Бірлікке, достыққа тәрбиелеу.	1
34	«Ақшақар»	Сөйлеу мәнерін қалыптастыру. Кейіпкерлердің рөлін дұрыс сомдауға үйрету.	1
Барлығы:			36 сағат

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1.. «Бала тілін дамытудағы ертегілердің маңызы»
қазақша реферат.2013ж
2. «Балалар әлемі» журналы2015ж
3. «Қазақ әдебиеті» энциклопедиясы 2008ж
4. «Ертегінің бала өмірінде алатын рөлі» 2013ж
- 5.«Балаларға базарлық» Базарбек Төтенев, Алматы «Қайнар» баспасы 1994 ж
6. «Роль сказок в воспитании детей» 2008г
7. Ғабдуллин. М «Қазақ халқының ауыз әдебиеті» - Алматы, 2011ж
8. Әбілов. З «Этнопедогика »- Алматы, 1997 ж
- 9.«Ертегілер арқылы баланың қиялын дамыту» 2015ж
- 10.«Народные традиции и обычаи казахского народа» реферат 2014г
11. «Бала тілін дамытудағы ертегілердің маңызы» 2013ж
- 12.«Ертегілер арқылы мектеп жасына дейінгі балалрдың негізгі құзыреттілігін дамыту»
2015ж
13. «Казахские народные сказки» 2016г
- 14.«Ертегілерді сахналату арқылы балалардың шығармашылығын дамыту» Жұмабаева
Гүлбаршын 2014ж